

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылы округі әкімінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 12 шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылы округі әкімінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылы округі әкімінің 14.06.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекция басшысының 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 02-05/102 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Тексеруге өткізілген бір бас ірі қара малының, бас миы сынамасынан " Құтырық" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты, Қарабау ауылы округі, Сынтас елді мекені, Л.Тотаев көшесі № 1-19 тұрғын үйлердің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Ж.Алимкулов